

## ҚАЗІРГІ ДІНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

А. Алтайқызы

### АННОТАЦИЯ

Ғылыми мақала замануи дінтанулық зерттеулердегі зайырлылықтың тұжырымдамалары мен үлгілерін анықтауға арналған. Автор бірқатар ғалымдардың теорияларын талдап, секуляризмнің жағымды және жағымсыз түрлеріне анықтама беруге тырысады. Сонымен қатар зерттеуде кейбір елдердегі дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасқа әлеуметтік-гуманитарлық білім тұрғысынан сараптама жасалған.

**Түйін сөздер:** зайырлылық, зайырлы мемлекет, секуляризм, дін, мемлекеттік құрылым, құндылықтар.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
А.Алтайқызы,  
aikerim.altaiqyzy@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:  
Алтайқызы А. Қазіргі дінтанулық зерттеулердегі зайырлылықтың үлгілері // Адам әлемі. – 2021. – № 2 (88). – Б. 143-150.

*Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант АР09260036 «Светские и религиозные ценности в современном Казахстане: взаимодействие и влияние на политику РК в сфере религии»)*

### Модели светскости в современных религиозоведческих исследованиях

**Аннотация.** Научная статья посвящена определению концепций и моделей светскости в современных религиозоведческих исследованиях. Автор анализирует теории ряда ученых и делает попытку определения положительных и отрицательных форм секуляризма. В исследовании также рассмотрены отношения между религией и государственным аппаратом некоторых стран с точки зрения социогуманитарного знания.

**Ключевые слова:** светскость, светское государство, секуляризм, религия, государственное устройство, ценности.

### Models of Secularity in Modern Religious Studies

**Abstract.** The scientific article is devoted to the definition of concepts and models of secularity in modern religious studies. The author analyzes the theories of a number of scientists and makes an attempt to determine the positive and negative forms of secularism. The study also examines the relationship between religion and the state apparatus of some countries from the point of view of socio-humanitarian knowledge.

**Key words:** Secularity, Secular State, Secularism, Religion, State Structure, Values.

### Кіріспе

Зайырлы мемлекет дегеніміз – дін мәселелерінде ресми бейтараптылықты білдіретін, қоғамды ұйымдастыруды көздейтін саяси үлгілердің бір түрі. Мұндай мемлекеттік құрылым діни емес,

азаматтық қағидалар негізінде реттеледі. Заңнама аясында діни сеніміне қарамастан барлық азаматтарға бірдей құқықтық кепілдік береді.

Адамзат тарихындағы басты жетістіктердің бірі – зайырлы мемлекет идеясы, себебі ол мемлекеттің

шіркеуден бөлінуі, ой, ар-ождан және дін бостандығының кепілі сияқты тұжырымдамалық басымдықтарды қамтиды. Бүгінгі таңда зайырлылық заманауи әлемдік дамудың негізгі қағидаларының бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты зайырлы мемлекет идеясының бастаулары мен одан әрі даму жолдарын, қазіргі әлемдегі зайырлылық үлгілерін тарихи-құқықтық талдау және салыстырмалы зерттеулер арқылы ашып көрсету қажет.

Зерттеу нысаны ретінде зайырлылыққа деген ғылыми қызығушылық Қазақстанда да, бүкіл әлемде де артып келеді. Біздің елімізде бұл үрдіс зайырлы мемлекет құру және елдің рухани жаңғыруымен тікелей байланысты. Зайырлылық пен азаматтық қоғамға деген ұмтылыс қоғамдық өмірдің идеологиялық және діни салаларындағы терең өзгерістерден туындап отыр. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Қазақстан атеистік идеологиядан алшақтап, дінмен және кез-келген діндарлық көріністерімен күресті тоқтатып, зайырлы мемлекет құру және азаматтық қоғамды дамыту жолына түсті. Дінге қатысты мемлекеттік саясатты либерализациялау жаңа деструктивті діни ағымдардың танымал болуы сияқты жаңа мәселелерді тудырды, олар діни негізде жанжалдар мен дағдарыстар тудыруы, террористік және экстремистік қылмыстық топтардың қызметін ынталандыруы мүмкін. Мұның бәрі діни институттар мен мемлекет арасындағы қатынастарды құрудың қолданыстағы тәсілдерін қайта қарауды талап етеді, сонымен қатар зайырлылық үлгілерін анықтау үшін іргелі зерттеулер қажет.

### **Әдіснамасы**

Ғылыми мақалада әр түрлі ғалымдардың зайырлылық туралы тұжырымдамаларын жүйелеу барысында негізгі әдіс ретінде компаративистика қолданылады. Сонымен қатар мемлекеттердің дін мен үкімет арасындағы байланысын қалыптастыру кезеңдері мен тәжірибесін зерттеуде тарихи-салыстырмалы тәсіл пайдаланылған.

### **Негізгі бөлім**

Нижний Новгород басқару институтының ғалымдары цифрландыру қазіргі әлеуметтік үдерістердің бөлігі ретінде діни салаға үлкен әсерін тигізді деп санайды. Сондай-ақ, олар «сандық технологиялар мен электронды құжаттарды еркін қабылдау азаматтың өзінің туа біткен құқығы мен кепілдендірілген ... табиғи құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың алғышартына айналмауы керек» деп атап көрсетеді. Бұл тәсіл рухани және адамгершілік қажеттіліктерге жауап береді ..., атап айтқанда, азаматтардың ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді» [1, 3 б.]. Сандық технологиялар зайырлы және діни құндылықтар жүйесінің тепе-теңдігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, олардың әлеуетін діни ахуалдың мығым тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдалану қажет.

Француз шығыстану және африка зерттеулері мектебінің профессоры Винсент Депен [2] зайырлылықтың келесі үлгілерін айқындайды:

Зайырлылық реформа ретінде. Бұл үлгі бойынша зайырлылық діннің әлеуметтік рөлінің төмендеуі ретінде ғана емес, оның қоғамдағы, сондай-ақ құқықтық және саяси сахнадағы рөлінің жаңа түсініктемесі ретінде анықталуы тиіс. Ғалым басқа француз профессоры Мононың [3] зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, бұл тұжырымдамаға сәйкес зайырлылықтың екі түрін бөліп қарастырады: секуляризация реформа ретінде, оған неміс үлгісі жатады және секуляризация революция ретінде – француз моделі. Моно зайырлы және діни билік арасындағы айқын антагонизммен сипатталатын «католиктік Еуропаға» және үкімет діннің қоғамдық өмірдегі рөліне көбірек бейімделген «протестанттық Еуропаға» да қарсы қарсы пікірді ұстанады.

Зайырлылық дифференциация ретінде. Казанова [4] секуляризацияның мәні діни және зайырлы салалар

арасындағы дифференциация деп санайды. Басқаша айтқанда, секуляризация – діннің тұлғаның жеке өмірінің ісіне айналуына әкелетін үдеріс, яғни зайырлы мен діннің дифференциациясы жүзеге асады.

Зайырлылық оңтайландыру (рационализация) ретінде. Ол протестанттық секталардың аскетизмі мысалында діннің рационализациясы үдерісін сипаттайды, бұл діннің жойылып кетуін емес, оның әлеуметтік рөлінің өзгеруін білдіреді. Секуляризация мұнда рационализация, яғни дінге деген сиқырлы көзқарастан рационалды түріне ауысу ретінде анықталады.

Ресейлік профессор Останин «мемлекет және құқық теориясында қалыптасқан ұлттық құқықтық жүйелерге, мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, қалыптасқан мемлекеттік-конфессиялық қатынастарға байланысты мемлекеттің зайырлы үлгісінің көптеген өзара қарама-қайшы жіктелімдері бар» деп есептейді [5, с. 105]. Алайда зайырлылықтың негізгі үлгілерінің арасында үш типті бөліп қарастырады:

Классикалық тип. Зайырлылықтың бұл түрі мемлекеттің діни және конфессиялық бірлестіктермен тығыз өзара әрекеттесуімен сипатталады. Осы үлгі шеңберінде мемлекеттік билік пен діни бірлестіктер арасындағы серіктестік қатынастар діни негіздегі мәдениетаралық қақтығыстарды реттеуге және қоғамдық келісімді қалыптастыруға ықпал етеді, сонымен қатар әр түрлі қоғамдық қатынастардың дамуына оң әсерін тигізеді. Көптеген зерттеушілер зайырлы мемлекеттің классикалық үлгісі ең оңтайлы шешім деп санайды; ол зайырлылықтың басқа түрлері арасында өзінің позитивті бағдарымен ерекшеленеді. Классикалық тип зайырлы және діни жиынтықты білдіреді, сонымен бірге олардың әрқайсысы үстемдік етуге тырысады. Мысал ретінде Франция, Ресей сияқты елдерді келтіруге болады.

Индифферентті (бейтарапты) *тип*. Зайырлылықтың бұл үлгісі бойынша мемлекет барлық діни институттардан

белсенді түрде алшақтауға тырысады, кез-келген дінге немесе конфессияға артықшылық берудің барлық әрекеттеріне бейресми тыйым салады. Кейбір ғылыми еңбектерде бұл түр «зайырлы» немесе «азаматтық дін» деп аталады. Америка Құрама Штаттары тұрғындарының көпшілігі протестанттық діндегі сенушілер екендігі белгілі. Алайда, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап елде дехристианизация үдерістері байқалады. Мысалы, олар мектепте сабақтың алдында міндетті болған сыйыну рәсімінен бас тартты, сонымен қатар Американың мемлекеттік рәміздерінде библиялық бейнелемелердің болуына тыйым салынды. Бұған қарамастан, кейбір мемлекеттік атрибуттарда христиандық рәміздер сақталған: Конгресс жиналысының ашылуында христиан дінбасылары жүреді және Америка Құрама Штаттарының Президенті қызметіне кірісер алдында Библияға қол қойып ант береді. Зайырлы мемлекеттің бейтарапты типіне АҚШ, Жапония жатады.

Преференциалды (пұрсатты, артықшылықты) тип. Термин латынның «*praefereus*» сөзінен шыққан, яғни «артықшылықты, тәуірлеу, ең қолайлы» деген мағынаны білдіреді. Зайырлылықтың артықшылықты үлгісіне сәйкес мемлекет бір немесе бірнеше діндерге артықшылықтар береді. Әдетте, мемлекеттің белгілі бір дінге деген ерекше қатынасы оның мәдени-тарихи маңызы мен дәстүрлі тамырларына байланысты. Тарих көрсеткендей, пұрсатты типтегі елдерде діни бірлестіктерге басымдық оның бұрынғы мемлекеттік мәртебесі негізінде берілген. Бұндай рөлді Италияда Рим-католик шіркеуі атқарған. Тиісті ақида ізбасарлары, сондай-ақ онымен мәдени тұрғыдан байланысы барлар мемлекеттік органдардың қызметі арқасында артықшылықтар мен мәртебеге ие болады, олар әр түрлі жолмен жүзеге асуы мүмкін – салық жеңілдіктері, діни институтты бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру.

Пұрсатты типтегі елдерге Италия, Израиль, Германия, Польша, Испания кіреді.

Түрік зерттеушісі Кевсер Х.Академир [6] дүниежүзілік әдебиет пен ғылыми еңбектер негізінде зайырлылықтың алты үлгісін анықтайды, бұл теорияларды Түркия Республикасының мысалында қарастырады:

Альфред Степанның қосарлы төзімділік үлгісі [7]. Зайырлылықтың табиғаты адамның немесе тұтас елдің әлеуметтік, тарихи, діни және экономикалық шығу тегіне байланысты. Степан өзінің «Дін, демократия және қосарлы төзімділік» атты зерттеу жұмысында діни азаматтық топтарға деген Еуропа елдерінің қарым-қатынасын талдай отырып, ондағы зайырлылықтың үлгілерін қарастырады. Ол Батыс Еуропа демократиялық мемлекеттерінің азаматтық және саяси қоғамдарында діни ұйымдарға бостандық берген «қосарлы төзімділік» идеясы туралы айтады. Ол «шіркеу мен мемлекетті» бөлу «зайырлылықты» сипаттамайды және демократияның ажырамас бөлігі емес деп санайды. Ол өз зерттеулерінде бұрынан орныққан шіркеулер туралы, сондай-ақ кейбір христиан-демократиялық партиялардың БҰҰ-ның кейбір елдерінде, мысалы Германия, Италия және басқаларында қалай билік еткені туралы айтады.

Сонымен қатар ол БҰҰ-ның тағы бір елі Португалия кез-келген діни атрибутиканы пайдаланудан басы тартатынын айта келіп, осы тұжырымға мүлдем қарама-қарсы үлгіні сипаттайды. Степан үшін мұндай жүйе – демократиялық емес шешім және зайырлылық дегеннің не екенін түсінбеу, Түркия сияқты елдерде болғандай дін мен мемлекетті бір-бірінен толығымен ажыратуға тырысу. Нәтижесінде мұндай елдер дағдарысқа ұшырайды; 1997 жылы Түркияда төңкеріс болды. Азаматтардың дауыс беруі нәтижесінде исламға негізделген консервативті партияның сайлануын бюрократиялық аппарат елдегі демократия мен зайырлылыққа қауіп деп көрді, сол

себепті демократиялық жолмен сайланған үкімет төңкеріске тап болды.

Альфред Степан қосарлы толеранттылық келесі жағдайларда қалыптасады деп санайды: зайырлы мемлекет, бірақ дінге мейірімді көзқарас; зайырлы емес, бірақ демократияға оң қарым-қатынас; әлеуметтік кенеттен туындаған зайырлылық. Ал қосарлы төзімсіздік дегеніміз: жағымсыз зайырлылық; мемлекет саясаттағы діннің қажетті дәрежедегі дербестігін (автономия) жоққа шығарады; үкімет атеистік секуляризмді және үкімет бақылауындағы дінді міндеттейді; үкімет саясаты сайланбаған діни көшбасшылар мен теократиялық антисекуляризмге тыйым салады; діни топтар демократиялық үкімет үшін қажетті дербестік дәрежесін жоққа шығарады.

Степанның бұл түсінігін Казанованың зайырлылық жай ғана христиан дінінің өзгеріске ұшырауы деген идеяларымен толықтыруға болады. Бұл трансформацияны Батыс елдерінің мысалында қарастырсақ мұндай үдеріс христиан дінінің сабақтастығы екендігі түсінікті болады және бұл елдерде дінді мемлекеттен бөлуге тыйым салынбайды. Сондықтан зайырлылық діннің мемлекеттік бюрократиядан бөлінуін білдірмейді деп айта аламыз. Бұны жете түсіну бізді Степанның қосарлы төзімділік пен төзімсіздік теориясына әкеледі. Степан қосарлы төзімділікті демократиялық мемлекеттермен, ал төзімсіздікті демократиялық емес мемлекеттермен байланыстырады. Секуляризмге бейім емес мемлекеттерде салыстырмалы түрде тұрақсыз жүйелер байқалады. Демократиялық емес құрылым түрлері, әдетте, екі санатқа бөлінеді: мемлекет саясатта діннің өзін-өзі анықтауының қажетті деңгейіне тыйым салады немесе діни топтар демократиялық үкімет үшін қажетті өзін-өзі анықтау деңгейін жоққа шығарады. Бірінші санатқа мемлекеттің екі моделі жатады: үкімет міндеттеген атеистік зайырлылық және үкімет бақылауындағы дін; конституция тұрғысынан жартылай демократиялық жүйе. Екінші санат

басқа екі мемлекеттік үлгі жатады, олар сайлауға түспейтін діни қызметкерлер және теократиялық анти-зайырлылық тарапынан вето қойылған сайланған үкіметтің саяса-тымен байланысты. Әр санаттың анықтамаларына сәйкес Түркияны екі жақты төзімсіздік тізімінде орын алатын мемлекеттік үлгі ретінде жіктеуге болады. Түркияда зайырлылықтың әр түрлі үлгілері әр түрлі жағдайларда қолданылды және Түркияны белгілі бір санатқа жатқызу қиын. Сондықтан Түркияны осы тұжырымдар аясында зерттеу өте өзекті.

Дэвид Барреттің үлгісі [8]: мемлекеттік дін. Барретт мемлекеттердің конституцияларын дін мәселесі тұрғысынан зерттейді және оларды жіктейді. Оның тұжырымдарына сәйкес, бұл санатқа ресми мемлекеттік дін мәртебесін беретін және діннің басқа түрлеріне тыйым салатын, сонымен қатар үкімет белгілі бір дінді қолдайтын конституциялар жатады. Мысалы, үкімет мектеп бағдарламаларына міндетті дін сабағын қосуы мүмкін. Мемлекеттің конституциялық мәртебеге ие діні болмаса да, белгілі бір дін немесе конфессия ел үшін артығырақ болуы мүмкін. Мысал ретінде, католиктік мемлекеттік діні бар Италия мен Испанияны айтуға болады. Бұл елде бір ғана мемлекеттік дін болуы мүмкін дегенді білдірмейді. Баррет кейбір жағдайларда бір елде бірнеше мемлекеттік дін болуы мүмкін деп санайды, мысалы Кипр, Бельгия, Бразилия және басқа елдерде сияқты.

Фокс пен Сэндлердің үлгісі [9]: дін мен мемлекет арасындағы байланыс. Фокс пен Сэндлер – мемлекет пен діннің өзара байланысын зерттеген екі зерттеуші. Олардың зерттеуі мемлекет пен дін арасындағы байланысты төрт негізгі топқа жіктейді: «дін мен мемлекеттің бөлінуі; діни азшылықты кемсіту; көптеген діндерге қатысты шектеулер; діни заңнама». Олардың пікірінше, дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың негізгі үш моделі бар: елде қалыптасқан бір дін бар, немесе бірнеше діндер немесе оның

азаматтық діні бар, оны Фокс пен Сэндлер бейресми мемлекеттік дін деп қарастырады.

Файт Бадердің [10] зайырлылықты жіктеуі: діни плюрализм. Қазіргі заманғы мемлекеттерде бірнеше діннің болуы мүмкіндігін зерттеген тағы бір ғалым – Файт Бадер. Ол Англияны мысалға келтіре отырып, қазіргі мемлекеттердегі діни плюрализм мен зайырлылық арасындағы айырмашылықты зерттейді. Оның зерттеулері Англияның зайырлы ел екендігін дәлелдейді, өйткені христиан діні тәжбен, яғни үкіметпен тікелей байланысты болғанымен, басқа діндердің қызметіне тыйым салынбаған.

Фокстың [11] теориясы: *дін мен мемлекетті бөлу*. Ол дін мен мемлекеттің бөлінуінің айырмашылықтарын теория мен тәжірибе жүзінде үш үлгі аясында талдайды. Бірінші үлгі мемлекеттің діни мәселелерге қатысу теориясына негізделген, ол үкіметтің діни істерге аз араласуы адамдардың діндар болуына әкеледі деген идеяны дәлелдейді, себебі заң бұзушылықтар орын алады деп немесе мемлекеттік төңкеріс қаупі төніп тұр деп қорықпайды.

Екінші үлгі – мемлекет Конституциясына негізделген теория. Көптеген мемлекеттер конституцияларында өзін зайырлы деп жариялағанымен, ресми діннің болуы мен іс жүзіндегі мемлекеттік саясаттың арасындағы корреляция әлсіз болуы мүмкін.

Фокс көрсеткен үшінші және соңғы үлгі – идеалдардан бас тарту. Зерттеу барысында мемлекеттік секуляризация үлгілерінің айнымалылары мен өлшемдері талданады, сонымен қатар демократия зайырлы мемлекеттік жүйені құрудың басты қажеттілігі болса да, барлық демократияларда зайырлы модель бола бермейтіндігін; демократия мемлекеттегі зайырлылықты құрылымдаудың жалғыз шарты емес екендігін дәлелдейді.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде Түркияда әр түрлі зайырлы қозғалыстар болды. Осман империясы Түркия республикасына айналған кезде дін мен мемлекет арасындағы ережелер мен шекаралар

өзгеріп, олар қатаң сипатқа ие болды. Жаңадан қабылданған заңдарға сәйкес, әйелдерге өмірдің әртүрлі салаларына қатысуға рұқсат етілгенімен; елдегі әйелдердің басым бөлігі орамал тағуды жалғастырғандықтан және оларға шынайы мән бермегендіктен, олардың қоғамдық және саяси өмірге қатысуы іс жүзінде жүзеге асырылмады. Бұған хиджаб, орамал немесе басқа да жамылғылар кию жаңа қалыптасқан ұлттың зайырлы өміріне қауіп төндіруі мүмкін деген пікір себеп болды. Білім тұрғысынан әйелдер тек жыныстық рөліне сәйкес білім түрлерін ғана ала алды; яғни әйелдерді медбике, мұғалім немесе аспазшы қылып даярлайтын білім беру жүйесі қалыптасты.

Зихниоглудың [12] зерттеулеріне сәйкес, бір топ әйелдер 1924 жылы жаңа әйелдік сәйкестікті дамыту үдерісіне қосылу үшін Әйелдер одағын құрды, сөйтіп олар саясаттың бір бөлігі болуға бірнеше рет әрекет жасады, бірақ белгілі себептерге байланысты бұл бастамаға үкімет кедергі болды, өйткені Түркия әйелдердің саяси өмірге қатысуына дайын емес еді. Үкіметтің теріс реакциясы салдарынан көптеген әйелдер көзқарастарын өзгертіп, мемлекеттік құрылымды қолдай бастады. Журналистер неге депутат болмадың деп сұрағанда, әйелдер одағы мүшелерінің бірі былай жауап берді: «оның себебі – конституция жоқ. Демек, әйелдердің уақыты әлі келген жоқ» [13].

Осы кезеңде түрік халқы дінді еркін таңдау құқығын пайдаланып, оны тәжірибеде жүзеге асырды және бұл үкіметте бірнеше партия болған кезеңде көрініс тапты. Бұл жағдай консервативті партиялардың дауыстарының өсуіне әсер етті. Алайда олардың белсенділігі бюрократиялық аппарат пен діннің арасындағы қатаң шекараға байланысты дұрыс қабылданбады және олардың әрекеттері мемлекеттік төңкеріс жасамақ болды деген қауіппен тоқтатылды. Кемализм идеологиясы діни мәселелерді реттеуге және бақылауға тырысты, осылайша супер зайырлылық аясында демократиялық қоғам құруды көздеді.

Демократиялық партияны сайлау уақытынан бастап жалпы Түркияда зайырлылықтың екінші кезеңі басталды деп саналады. Дінмен байланыстар қайтадан күшейе бастады, Азан қайтадан араб тілінде айтыла бастады, діни мектептер ашылды. Жаңа үлгі Альфредтің қосарлы төзімділік теориясымен сәйкес келеді, өйткені жағымсыз секуляризм моделі бірінші кезеңге тән болды. Дін қоғамдық ортада кеңінен тарала бастады. Дэвид Барреттің санатқа бөлу теориясын да қолдануға болады, себебі Түркия бір партиялы жүйеде мемлекеттік діни жоқ конституциялық зайырлы сипаттағы мемлекет болып қалыптасты.

Ал Фокстың теориясын демократиялық жүйедегі өзгерістерді және бірнеше партиялық кезеңге өтуді түсіну үшін қолдануға болады, бұл тұжырымдама аясында Түркия мен Францияның зайырлылық үлгілерін мысал ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар Джонатон Фокс Түркия конституциясында өзін зайырлы мемлекет деп жариялайды, бірақ іс жүзінде оның қағидалары толық орындалмаған деп санайды.

Сонымен қатар Ахмет Курудың [14] түрік зайырлылығы туралы жасаған зерттеулерін де ескеріп, талдау қажет. Куру ХХІ ғасырдың басына дейін Түркия агрессивті зайырлылық үлгісін ұстанды деп санайды. Шектен тыс секуляризм қоғамдық (мемлекеттік) және жеке салалардың қатаң бөлінуін білдіреді, яғни діннің қоғамдық кеңістікте болуына жол берілмейді. Ол сондай-ақ «Әділет және даму» партиясының сайлауларынан басталатын кезеңді қарастырады және Партияның келуімен мемлекеттік бейтараптық пен діни сенім бостандығын ұсынатын пассивті зайырлылық түрік тарихында алғаш рет орнықты деп санайды, тіпті Партия бейтараптық пен діни сенім бостандығына толықтай жете алмаған кезде де деп пайымдайды. Мұның бәрі дін мен бюрократиялық аппарат арасындағы қатаң алшақтық Демократиялық партия сайланған кезде біртіндеп жойылған екендігін түсіндіреді.



## Қорытынды

Зайырлылық үлгілері туралы әр түрлі теорияларды зерттей келіп, «зайырлылық» термині әрбір жекелеген елде әр түрлі анықталады деп тұжырымдауға болады. Тіпті анықтамалар бір елдің әр түрлі тарихи кезеңдерінде өзгеріп отыруы мүмкін. Әдетте зайырлылық дін мен биліктің бөлінуі ретінде қарастырылады; дегенмен, бұл бөлірудің себептері мен шектері елдің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, Англияда дін үлкен рөл атқармаса да, оның үкімет құрылымын қалыптастыруға қатысатындығы және қоғамдастықтың дауыс беру арқылы сайланып, үкіметте тек шектеулі адамдар ғана рөл атқара алатындығы белгілі.

Теориялық тұрғыдан зайырлылықтың белгілі бір түрлері мен үлгілері бар, бірақ әр мемлекет өзінің мәдени, экономикалық, саяси контекстін және құндылықтарын ескере отырып, зайырлылықтың өзіне сай келетін үлгісімен үйлестіруге тырысады. Эмпирикалық вариациялар көп болғандықтан, зайырлылықтың заңдылықтары мен үлгілерін анықтау қиын деген қорытынды жасауға болады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Головин Е.Г., Большакова В.М., Наумова Л.Ю. Обеспечение прав и свобод граждан и риски цифровизации // *Matters of Russian and International Law*. – 2020. – V. 10, Issue 2A. – P. 3-10.
2. Depaigne V. Secularisation and secularism in Asia: constitutional models // *4th Congress of the Asia & Pacific Network*. – Paris: Belleville, 2011. – P. 2-9.
3. Monod J.-C. La Querelle de la sécularisation, de Hegel à Blumenberg. – Paris: Librairie philosophique J. Vrin, 2002. – 317 p.
4. Casanova J. Public religions in the modern world. – Chicago: University of Chicago Press, 1994. – 330 p.
5. Останин А.В. Светское государство и демократия // *Вестник Томского государственного университета*. – 2009. – № 325. – С. 104-107.

6. Akdemir A.H. Analyzing Secularism Models: the Case of turkey // *Journal of Civilization Studies*. – 2019. – V. 4, Issue 1. – P. 61-73.

7. Stepan A. Religion, Democracy and the Twin Tolerations // *Journal of Democracy*. – 2000. № 11(4). – P. 37-57

8. Barrett D. B., Kurian G. T., Johnson T. M. *World Christian Encyclopedia*. – Oxford: Oxford University Press, 2001. – 1730 p.

9. Fox J., Sandler S. World Separation of Religion and State in the 21st Century // *Comparative Politics*. – 2004. – № 37(3). – P. 317-335.

10. Bader V. Religious Pluralism: Secularism of Priority for Democracy // *Political Theory*. – 1999. – № 27(5). – P. 597-633.

11. Fox J. Separation of Religion and State and Secularism in Theory and in Practice // *Religion, State and Society*. – 2011. – № 39(4). – P. 384-401.

12. Zihnioğlu Y. Kadınsız İnkılap (Revolution without Women). – Istanbul: Metis Yayınları, 2003. – P. 120-212.

13. Tekeli S. Women in Turkish Politics. – Leiden: EJ Brill, 1981. – P. 208.

14. Kuru A. Reinterpretation of Secularism in Turkey: The Case of the Justice and Development Party. – Salt Lake City: University of Utah Press, 2006. – P. 136-159.

## Transliteration

1. Golovin E.G., Bol'shakova V.M., Naumova L.Yu. Obespechenie prav i svobod grazhdan i riski cizfrovizacii [Ensuring the rights and freedoms of citizens and the risks of digitalization] // *Matters of Russian and International Law*. – 2020. – V. 10, Issue 2A. – P. 3-10. (in Rus)

2. Depaigne V. Secularisation and secularism in Asia: constitutional models // *4th Congress of the Asia & Pacific Network*. – Paris: Belleville, 2011. – P. 2-9. (in Eng)

3. Monod J.-C. La Querelle de la sécularisation, de Hegel à Blumenberg. – Paris: Librairie philosophique J. Vrin, 2002. – 317 p. (in Eng)

4. Casanova J. Public religions in the modern world. – Chicago: University of Chicago Press, 1994. – 330 p. (in Eng)

5. Ostanin A.V. Svetskoe gosudarstvo i demokratiya [Secular state and democracy] // *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta*. – 2009. – № 325. – S. 104-107. (in Rus)

6. Akdemir A.H. Analyzing Secularism Models: the Case of turkey // *Journal of Civilization Studies*. – 2019. – V. 4, Issue 1. – P. 61-73. (in Eng)

7. Stepan A. Religion, Democracy and the

Twin Tolerations // Journal of Democracy. – 2000. № 11(4). – P. 37-57. (in Eng)

8. Barrett D. B., Kurian G. T., Johnson T. M. World Christian Encyclopedia. – Oxford: Oxford University Press, 2001. – 1730 p. (in Eng)

9. Fox J., Sandler S. World Separation of Religion and State in the 21st Century // Comparative Politics. – 2004. – № 37(3). – P. 317-335. (in Eng)

10. Bader V. Religious Pluralism: Secularism of Priority for Democracy // Political Theory. – 1999. – № 27(5). – P. 597-633. (in Eng)

11. Fox J. Separation of Religion and State

and Secularism in Theory and in Practise // Religion. State and Society. – 2011. – № 39(4). – P. 384-401. (in Eng)

12. Zihnioglu Y. Kadınsız İnkılap (Revolution without Women). – Istanbul: Metis Yayınları, 2003. – P. 120-212. (in Eng)

13. Tekeli S. Women in Turkish Politics. – Leiden: EJ Brill, 1981. – P. 208. (in Eng)

14. Kuru A. Reinterpretation of Secularism in Turkey: The Case of the Justice and Development Party. – Salt Lake City: University of Utah Press, 2006. – P. 136-159. (in Eng)

### АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Айкерім Алтайқызы* PhD, жетекші ғылыми қызметкер, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

*Айкерим Алтайқызы* PhD, ведущий научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы, Казахстан

*Aikerim Altaikyzy* PhD, Leading Researcher, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MES RK, Almaty, Kazakhstan